

Солтүстік Қазақстан облыс
әкімінің орынбасары
2024 жылғы
«29» қазан № 151 өкіміне
2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысында «Серпін Қолдау» жобасын іске асыру бойынша өңірлік Жобалық офисі туралы ереже

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысында «Серпін Қолдау» жобасы бойынша өңірлік Жобалық офисі туралы ереже (бұдан әрі – өңірлік Жобалық офис) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының 2024 жылғы 6 қазандағы тапсырмасына сәйкес әзірленді.

2. Өңірлік Жобалық офисі «Серпін» жобасы бойынша түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу және тұрғын үй проблемаларын шешу мақсатында құрылады.

2 тарау. Өңірлік Жобалық офистің негізгі міндеттері мен функциялары

3. Өңірлік Жобалық офистің негізгі міндеттері мен функциялары:

- 1) «Серпін» жобасын жетілдіру және іске асыру;
- 2) кадрларға қажеттіліктің өңірлік картасын немесе кәсіптер атласын әзірлеу;
- 3) кадрларды даярлауды және қайта даярлауды талап ететін кадрлар тапшылығы бар кәсіптерді айқындау;
- 4) жұмыс берушілер, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКББ) және техникалық және кәсіптік ұйымдар (бұдан әрі – ТжКБ) арасында кейіннен жұмысқа орналастырумен кадрларды даярлау және қайта даярлау туралы келісімдерге қол қою;
- 5) «Қаржы орталығы» акционерлік қоғаммен (бұдан әрі – Оператор) бірлесіп «Серпін» жобасы бойынша түлектердің тізімін қалыптастыру, сондай-ақ жұмысқа орналастыру бойынша тоқсан сайынғы мониторинг жүргізу;
- 6) облыс әкімдіктері жанындағы түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша мансаптық орталықтармен өзара іс-қимыл жасау;
- 7) «Серпін» жобасы түлектерінің әлеуетті жұмыс берушілермен кездесуін, түлектерге еңбек нарығындағы бос орындар туралы ақпарат беруді көздейтін іс-шаралар өткізуді қамтамасыз ету;

8) өңірдің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары - әлеуетті жұмыс берушілер туралы деректер базасын құру және оларды түлектермен қамтамасыз ету;

9) түлектердің мансаптық өсуін қадағалау;

10) өңірдің кәсіпорындарында дуальды білім беруді іске асыру бойынша бірлескен іс-шаралар өткізу, дуальды оқыту шеңберінде кәсіпорындардың, ұйымдардың тәжірибелі мамандарын лекторлар, практика жетекшілері, дипломдық, курстық жобалар ретінде тарту;

11) әлеуметтік мәселелерді шешуге жәрдемдесу мақсатында еңбек тапшылығы бар өңірде жұмыс істейтін «Серпін» жобасы бойынша білім беру ұйымының түлектерімен байланыс орнату;

12) Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Жетісу және Алматы облыстары мектептерінің оқушыларымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

13) «Серпін» жобасы бойынша білім алушыларды бейімдеу үшін іс-шаралар өткізу;

14) жұмыс істеуді мониторингілеу және бақылау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын Оператормен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

3 тарау. Жобалық офистің қызметін ұйымдастыру

4. Өңірлік Жобалық офис басшыдан, орынбасардан және өңірлік Жобалық офисінің мүшелерінен тұрады.

5. Өңірлік Жобалық офисінің басшысы жұмысты ұйымдастырады және осы Ережемен Жобалық офисіне жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етеді:

1) өңірлік Жобалық офисінің ұйымдастыру жұмысын үйлестіреді;

2) өңірлік Жобалық офисінің қызметкерлердің функционалдық міндеттерін айқындайды;

3) өңірлік Жобалық офисі қызметінің ағымдағы мәселелері туралы ақпарат енгізеді.

6. Өңірлік Жобалық офисі басшысының орынбасары келіп түскен материалдарды жинақтайды, мемлекеттік органдарға, қоғамдық және өзге де ұйымдарға құжаттардың жобаларын дайындайды.